

ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай балабақшасы

***Меңгеруші
жанындағы кеңес***

2024-2025 оқу жылы

ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай балабақшасы

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттамасы № 1

2024-2025 оқу жылы

06.09.2024ж

Қатысқандар саны:8

Қатыспағаны:0

Күн тәртібі

1.Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы: -күн тәртібі; -топтардың санитарлық жай-күйі:- топтар бойынша құжаттаманың жай күні.

2.Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау жөніндегі нұсқаулықтардың орындалуы.

3.Педагогтардың: -аттестаттаудың ; -біліктілігін арттырудың ; -байқауларға қатысудың; -баспасөзге мақала жариялаудың жоспарын бекіту.

Тыңдалды:Балабақша меңгерушісі А.Тагаева жаңа оқу жылының дайындығы жайлы , күн тәртібі , топтардың санитарлық жай-күйі , топтар бойынша құжаттаманың жай күніне тоқталды. Топтардың санитарлық жай күйі барлық топта үш мезгіл ылғалды тазалық жүргізілуін сонымен қатар моркировканың , ыдыс аяқтардың жеткілікті екенін тексеру барысында анықталғанын айтып өтті. Тәрбиешінің негізгі толтыратын міндетті үш құжаттың жаңа оқу жылына дайындығы , педагогикалық кеңесте бекітілгені айтып өтті .

Келесі сөзді балабақша медбикесі Ж.Айтова алып , балабақшада ең басты мақсатымыз бала денсаулығын сақтау екендігін айта өтіп, балабақшада балалардың денсаулығын сақтау үшін құнарлы тамақпен тамақтандыру , күнделікті дене шынықтыру сабақтары , серуен сонымен қатар өмір қауіпсіздігін сақтау керек екенін айтып , нұсқаулықпен таныстырып шықты .

Келесі сөзді балабақша әдіскері А.Тагаева сөз алып , жаңа оқу жылындағы аттестациядан өтетін педагогтардың кезектері туралы айтып өтті , біліктілік арттыру қазіргі ереже бойынша үш жылда бір өту міндеттеледі. Биылғы оқу жылында өтілетін жоспарлы байқаулар мен облыстық , аудандық , республикалық деңгейдегі байқауға қатысып балабақшамыздың рейтингісін көтеруді тапсырды. Баспа сөзге және әлеуметтік желілерге күнделікті жұмыстарды салып отыруды тапсырды.

Балабақша әдіскері жоспарланған жұмыстарды жауапкершілікпен уақытылы орындап отыру біздің жұмысымыздың нәтижесі екенін көрсететінін айтып өтті .

Жиналыстағы күн тәртібіндегі қаралған мәселелерді зерделей келе төмендегідей шешім қабылдады.

Жиналыс шешім етеді.

1.Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы :- күн тәртібі ; -топтардың санитарлық жай-күйі :- топтар бойынша құжаттаманың жай күні қанағаттанарлық деп есептелсін .

2.Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау жөніндегі нұсқаулықтар бойынша жұмыс жасалсын .

3.Педагогтардың :-аттестаттаудың ; -біліктілігін арттырудың ; -байқауларға қатысудың ; -баспасөзге мақала жариялаудың жоспары бекітілсін.

ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай балабақшасы

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттамасы № 2

2024-2025 оқу жылы

01.10.2024ж

Қатысқандар саны:8

Қатыспағаны:0

Күн тәртібі

- 1.Өткен жиналыстағы қаулылардың орындалу туралы.
- 2.Педагогтардың күн тәртібін сақтау жөніндегі жұмыс деңгейі , серуенді бақылау
- 3.Балалардың қатысуы мен ауруға шалдығушылық деңгейіне талдау жасау.

«Физикалық қасиеттерді дамыту бойынша инновациялық технологияларды қолдану деңгейі.»

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша әдіскер А.Тагаева сөз алып өткен педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы бойынша хабарлама жасады. Шешімдер толығымен орындалғандығын баяндады .

Педагогтердің күн тәртібін сақтау , серуенді бақылау бойынша әдіскер А.Тагаева тарапынан және медбике тарапынан бақыландығы және іс-шаралар орындалғандығы туралы мәлімдеме жасады . Балалардың ауруға шалдығуы бойынша қыркүйек айында тізімге алынбады , жұқпалы және басқа да ауру түрлері анықталмады . Балалар топқа жүз пайыз қатысуы қамтамасыз етілді , балалар толық қатысты -деп медбике мәлімдеме жасады .

Физикалық қасиеттерді дамыту бойынша инновациялық деңгейлерді қолдану деңгейі барлық топта қолданылды , балаларды денсаулық сақтау технологиясы бойынша күні бойы жүргізілді , атап айтар болсақ ұйқыдан кейінгі , сергіту сәттері , серуен кезінде қолдана білді .

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелерді саралай келе шешім қабылданды.

Жиналыс шешім етеді :

- 1.Өткен жиналыстағы қаулылардың орындалуы қанағаттанарлық деп есептелсін.
- 2.Педагогтардың күн тәртібін сақтау жөніндегі жұмыс деңгейі , серуенді бақылау бойынша жұмыстар нәтижелі жүргізілді деп есептелсін .
- 3.Балалардың қатысуы мен ауруға шалдығушылық деңгейіне талдау жасау бойынша жұмыстар жыл бойы жүргізілсін.
- 4.Физикалық қасиеттерді дамыту бойынша инновациялық технологияларды қолдану деңгейі қанағаттанарлық деп есептелсін.

Жиналыс төрайымы

А.Тагаева

Хатшы

Т.Токқұлиева



ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай-балабақшасы

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттамасы № 4

2024-2025 оқу жылы

20.12.2024ж

Қатысқандар саны:8

Қатыспағаны:0

Күн тәртібі:

- 1.Өткен жиналыстағы қаулылардың орындалуы туралы.
- 2.Тәуелсіздік мерекесіне арналған іс-шаралардың өткізілгендігі туралы.
- 3.Жаңа жылдық ертеңгіліктерді дайындау және ұйымдастыру.
- 4.Тамақтандыру жүйесі бойынша тексерудің қорытындысы

Тыңдалды: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Тагаева сөз алды, ол өз сөзінде өткен жиналыстағы қаулылардың орындалу деңгейіне тоқталып өтті.

Тәуелсіздік мерекесіне орай өтілген «Тәуелсіздік тұғырым» ертеңгіліктің өтілу деңгейінің барысына тоқталып өтті, ертеңгіліктің балаларға берері мол, отан туралы тақпақтарын айтып өтті, балалар хор айтты, би биледі тақырыптық ертеңгілік өз дәрежесінде өтілді деп қорытындылады. Жаңа жылға арналған ертеңгіліктер, әр топ ертегі желісінің негізінде қойылымдар дайындаған, ертеңгілік өз дәрежесінде өтілді -деп балабақша әдіскері желтоқсан айында өтілген ертеңгіліктерді қорытындылады.

Балабақша әкімшілігі тарапынан балалардың тамақтану сапасы, тамақтың жеткілікті және ас мәзіріне сай тарқатылуы туралы тексерудің нәтижесімен таныстырды.

Жиналыста қаралаған мәселелерді қорытындылай келе шешім шығарылды.

Жиналыс қаулы етеді:

- 1.Өткен жиналыстағы қаулылар орындалды деп есептелсін.
- 2.Тәуелсіздік мерекесіне арналған іс-шаралардың өткізілуі жоғары дәрежеде деп септелсін.
- 3.Жаңа жылдық ертеңгіліктерді дайындау және ұйымдастыру жұмыстары қанағаттанарлық деп есептелсін.
- 4.Тамақтану жүйесі бойынша тексеріп нәтижесі қанағаттанарлық деп есептелсін.

Жиналыс төрайымы

Хатшы:



А.Тагаева

А.Төкпекулиева

